

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ІШКІ ІСТЕР МИНИСТРЛІГІ
Бәрімбек Бейсенов атындағы
ҚАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫ

Әскери және тактика - арнайы даярлық кафедрасы

«Өмір қауіпсіздігі» пәні бойынша кәсіби даярлық
факультетінің курсанттарына арналған.

Тақырып Қазақстан Республикасындағы азаматтық қорғаныстың
жүйесі және ұйымдастырылуы.

Қарағанды қ. 2023 ж.

Дайындаған:
Әскери және тактика-арнайы даярлық
кафедрасының оқытушысы
полиция капитаны

З.Д. Хайрулла

ПӘС талқыланып, кафедра мәжілісінде бекітілді
2023 жылғы « » _____№ хаттама

Оқулық мақсатыры:

1. Курсанттарды Қазақстан Республикасы АҚ-тың мақсаттарымен таныстыру.
2. Курсанттарды Қазақстан Республикасы АҚ-тың ұйымдастырудың негізгі принциптеріне үйрету.
3. Қазақстан Республикасы АҚ-тың күштері мен қызметтері жайлы оқыту.

Әдістемелік ұсыным жоспары:

1. ҚР АҚ- ты ұйымдастырудың негізгі мақсаттары мен қағидалары.
2. ҚР АҚ пен ТЖ қызметтері мен күштері.
3. ҚР ІІМ жүйесіндегі АҚ- тың ұйымдастырылуы.

Уақыты – 1 сағат.

Өткізілетін орын – дәріс залы.

Әдебиеттер:

1. Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V ҚРЗ
2. «Төтенше жағдай туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы N 387 Заңы //ЖК
3. 20.11.2014 жылғы редакциясында Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 14 тамыздағы № 933 қаулысы Қазақстан Республикасы орталық атқарушы органдарының ведомстволары туралы.
4. Өмір-тіршілік қауіпсіздігі: Оқулық (қажетті мәтіндерді аударған және оқулықты құрастырған С.Арпабеков).- Алматы, 2004, - 256 бет.
5. Төтенше жағдайлар және азаматтық қорғаныс жөніндегі материалдардың ақпараттық - әдістемелік жинағы. (3 (7) шығарылым, 2001 ж.).
6. Тайжанов С. Өмір қауіпсіздігі негіздері: Жалпы білім беретін мектептер мен кәсіби білім беру орындарына арналған оқу-әдістемелік құрал. Алматы, 2004, - 254 бет.
7. Егоров П.Т. Шляхов И.А. Алабин Н.И. *Гражданская оборона. М. 1970.*
8. І.Б. Нысанқұлов, С.Ж.Тоқтабеков, Н.Ж.Қожамжаров. Өмір қауіпсіздігінің негіздері: Оқу құралы.Қарағанды, 2012 жылғы.
9. Ф.Е. Бөрібай, К. Охан. Өмір қауіпсіздігі: Оқу құралы.Қарағанды, 2019 жылғы.
10. З.Д Хайрулла, Д.З. Ахметов. Өмір қауіпсіздігі: Оқу құралы.Қарағанды, 2023 жылғы.

К І Р І С П Е

Азаматтық қорғау туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 188-V осы Заң азаматтық қорғау жөніндегі іс-шараларды жүргізу процесінде туындайтын қоғамдық қатынастарды реттейді әрі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, төтенше жағдай аймағындағы халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге, өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ

Қазақстан Республикасы азаматтық қорғанысының негізгі міндеттерін, құрылуы мен жұмыс істеуінің ұйымдастырушылық қағидаттарын, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыруды, сақтауды және пайдалануды, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдарының ұйымдастырылуы мен қызметін айқындайды. .

Қазақстан Республикасының азаматтық қорғау туралы заңнамасы Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді, осы Заңнан және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

Еңбекті қорғау, экологиялық қауіпсіздік, ғарыш кеңістігін пайдалану, химиялық және ядролық қаруды жою, оқ-дәрілерді пайдалану және кәдеге жарату кезіндегі қауіпсіздік, автомобиль жолдарымен және теміржолдармен жүру қауіпсіздігі, ішкі су көлігі жүрісінің қауіпсіздігі, энергетика объектілерінің қауіпсіздігі, әуе көлігінің ұшу қауіпсіздігі, су шаруашылығы жүйелері мен құрылыстарының қауіпсіздігі, сондай-ақ әлеуметтік сипаттағы төтенше жағдайлар саласындағы құқықтық реттеу Қазақстан Республикасының арнайы заңнамасымен жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы АҚ ұйымдастырудың негізгі мақсаттары мен қағидалары.

Азаматтық қорғаудың негізгі міндеттері мен қағидаттары

Азаматтық қорғаудың негізгі міндеттері:

- 1) төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою;
- 2) төтенше жағдайлар туындаған кезде бейбіт уақытта және соғыс уақытында авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу арқылы адамдарды құтқару және эвакуациялау;
- 3) азаматтық қорғау күштерін құру, оларды даярлау және ұдайы әзірлікте ұстап тұру;
- 4) орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың мамандарын даярлау және халықты оқыту;
- 5) қорғаныш құрылыстарының қажетті қорын, жеке қорғану құралдарының запастарын және азаматтық қорғаныстың басқа да мүлкін жинақтау және әзірлікте ұстап тұру;
- 6) төтенше жағдай туындау қатері туралы болжам болған кезде күні бұрын және (немесе) төтенше жағдай туындаған кезде жедел халыққа, азаматтық қорғаудың басқару органдарына хабар беру және құлақтандыру;

- 7) азық-түлікті, су көздерін (шаруашылық-ауыз су мақсаттары үшін су жинау орындарын), тағамдық шикізатты, жемді, жануарлар мен өсімдіктерді радиоактивтік, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) зарарланудан, эпизоотиядан және эпифитотиядан қорғау;
- 8) өнеркәсіптік қауіпсіздік пен өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету;
- 9) құлақтандыру және байланыс жүйелерін құру, дамыту және ұдайы әзірлікте ұстап тұру;
- 10) қазіргі заманғы зақымдаушы құралдардың қауіпті факторларының әсер етуін азайту немесе оларды жою жөніндегі іс-шараларға мониторинг жүргізу, оны әзірлеу және іске асыру;
- 11) мемлекеттік резервті қалыптастыруды, сақтауды және пайдалануды қамтамасыз ету болып табылады.

Азаматтық қорғаудың негізгі қағидаттары:

- аумақтық-салалық қағидат бойынша азаматтық қорғау жүйесін ұйымдастыру;
- 2) төтенше жағдайлардан азаматтар мен қоғамға төнген қатерді және нұқсанды барынша азайту;
 - 3) азаматтық қорғау күштері мен құралдарының төтенше жағдайларға жеделден қоюға, азаматтық қорғанысқа және авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізуге ұдайы әзірлігі;
 - 4) жариялылық және халық пен ұйымдарға болжанып отырған және туындаған төтенше жағдайлар, олардың салдарларын жоюды қоса алғанда, олардың алдын алу және жою жөнінде қолданылған шаралар туралы хабар беру;
 - 5) авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу кезіндегі ақталған тәуекел және қауіпсіздікті қамтамасыз ету болып табылады.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі.

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі аумақтық және салалық кіші жүйелерден тұрады.

1.1 Аумақтық кіші жүйелер облыстық, қалалық және аудандық деңгейлерде өздерінің аумақтары шегінде төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алу және оларды жою, азаматтық қорғаныс іс-шараларын орындау үшін құрылады және осы аумақтардың әкімшілік-аумақтық бөлінуіне сәйкес келетін буындарынан тұрады.

1.2. Салалық кіші жүйелерді орталық атқарушы органдар өз құзыреті шегінде азаматтық қорғау іс-шараларын орындау жөніндегі жұмысты ұйымдастыру үшін құрады.

2. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің үш деңгейі бар:

республикалық, аумақтық және объектілік. Объектілік деңгейді қоспағанда, әрбір деңгейге:

- азаматтық қорғаудың басқару органдары;
- басқару пункттері, жедел-кезекшілік қызметтер;
- консультациялық-кеңесші органдар – төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою жөніндегі комиссиялар;
- азаматтық қорғаудың күштері мен құралдары;
- байланыс, құлақтандыру және ақпараттық қамтамасыз ету жүйелері кіреді.

3. Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесіне басшылықты:

- 1) республикалық деңгейде – Қазақстан Республикасының Үкіметі;
- 2) аумақтық деңгейде – тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің әкімдері;
- 3) объектілік деңгейде – ұйымдардың басшылары;
- 4) салалық кіші жүйелерде – орталық атқарушы органдардың басшылары

жүзеге асырады.

4. Азаматтық қорғаудың басқару органдары:

- 1) республикалық деңгейде:

уәкілетті орган;

салалық кіші жүйелерде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдары;

- 2) аумақтық деңгейде:

жергілікті атқарушы органдар;

уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелері;

салалық кіші жүйелерде Қазақстан Республикасының орталық атқарушы органдарының аумақтық бөлімшелері;

- 3) объектілік деңгейде – ұйым басшылары болып табылады.

5. Азаматтық қорғау жүйесінде мемлекеттік басқару азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесінің барлық деңгейлерін тарту арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының Премьер-Министріне табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жою кезінде халықтың тіршілігін қамтамасыз ету үшін бекітілген нормалар негізінде Қазақстан Республикасы Үкіметінің резервінен қаражат бөлу туралы ұсыныс енгізуге құқығы бар.

Азаматтық қорғанысқа басшылық және оны басқару.

1. Азаматтық қорғанысқа басшылықты Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі жүзеге асырады, ол лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығы болып табылады.

2. Уәкілетті орган басшысы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтық қорғаныс бастығының орынбасары болып табылады және бейбіт уақытта азаматтық қорғанысқа басшылық етеді.

3. Орталық атқарушы органдарда және ұйымдарда азаматтық қорғанысқа басшылықты олардың бірінші басшылары жүзеге асырады, олар лауазымы бойынша азаматтық қорғаныстың тиісті бастықтары болып табылады.

4. Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бірліктерінде азаматтық қорғанысқа басшылықты әкімдер жүзеге асырады, олар лауазымы бойынша тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғаныс бастықтары болып табылады.

5. Уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелерінің басшылары лауазымы бойынша әкімшілік-аумақтық бірліктердің азаматтық қорғанысының тиісті бастықтарының орынбасарлары болып табылады. **Азаматтық қорғау**

– өрт қауіпсіздігі мен өнеркәсіптік қауіпсіздікті қамтамасыз ету, мемлекеттік материалдық резервті қалыптастыру, сақтау және пайдалану жөніндегі іс-шараларды қамтитын, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар мен олардың салдарларының алдын алуға және оларды жоюға, азаматтық қорғанысты ұйымдастыруға және жүргізуге, төтенше жағдай аймағындағы

халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсетуге бағытталған, бейбіт уақытта және соғыс уақытында жүргізілетін жалпымемлекеттік іс-шаралар кешені;

Азаматтық қорғаудың мемлекеттік жүйесі – Қазақстан Республикасының халқын, объектілері мен аумағын төтенше жағдайлар мен әскери қақтығыстар кезінде немесе осы қақтығыстар салдарынан туындайтын қауіптерден қорғау жөніндегі жалпымемлекеттік іс-шаралар кешенін іске асыруға арналған, азаматтық қорғаудың басқару органдарының, күштері мен құралдарының жиынтығы;

Бірыңғай кезекшілік-диспетчерлік «112» қызметі – төтенше жағдайдың туындау алғышарттары немесе туындауы, өрт, адамдардың өміріне төнген қатер мен денсаулығына зиян келтіру қатері туралы және өз құзыреті шегінде шұғыл қызметтердің ден қою жөніндегі іс-қимылдарын кейіннен үйлестіре отырып шұғыл көмек шараларын қолдануды қажет ететін өзге де жағдайлар туралы жеке және заңды тұлғалардан келіп түсетін хабарламаларды қабылдау және өңдеу қызметі; Қазақстан Республикасы ТЖ комитеті орталық атқарушы органының (жетекшісі) басшысы лауазымы бойынша Қазақстан Республикасы АҚ Бастығы болып табылады және республиканың АҚ тікелей басшылық жасайды. Үкімет жанындағы атқарушы орган ТЖ комитеті болып табылады.

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитетінің құрылымы ол:

ТЖ алдын-алу, АҚ пен жедел қимылдау, ТЖ мемлекеттік қадағалау, ұйымдастырушылық-бақылау және кадр жұмысы жөніндегі департаменттер және өртке қарсы қызметі.

АҚ шараларын өткізуді қамтамасыз ету үшін келесі мемлекеттік органдар құрылады:

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті. АҚ штабтары (мамандар).

Орталық және жергілікті атқарушы органдарда, ұйымдарда АҚ басшылығын олардың бірінші басшылары және олардың орынбасарлары жүзеге асырады, олар лауазымы бойынша АҚ сәйкес басшылары болып табылады және АҚ шараларының ұйымдастырылуы мен жүзеге асырылуы үшін жауапты болады.

АҚ басшыларына берілетін құқықтар:

Қазақстан Республикасы АҚ бастығы бекіткен тәртіппен сәйкес деңгейдегі АҚ жоспарларын бекітіп, жүзеге асыру;

Белгіленген ретпен ведомствоға қарасты аумақтан халықты эвакуациялау;

АҚ мәселелеріне қатысты бұйрықтар, шешімдер, өкімдер шығару;

Заңмен белгіленген ретпен АҚ шараларын жүргізуге азаматтар мен ұйымдарды тарту;

Меншік түріне заңды және жеке тұлғалардан осы заңды және АҚ қатысты басқа да нормативтік құқықтық актілерді сақтауын талап ету.

АҚ мәселелеріне қатысты сәйкес деңгейдегі АҚ басшыларының бұйрықтарын, шешімдері мен өкімдерін барлық ұйымдар, лауазымды тұлғалар мен азаматтар орындауға міндетті.

АҚ басқа да мүліктерінің қорын жинақтап, даярлықта ұстау.

Халықты, орталық және жергілікті атқарушы органдарды қалыптасқан жағдайға орай олардың өмірі мен денсаулығына төніп АҚ шараларының орындалуын қамтамасыз ету үшін құрылатын органдар:

Қазақстан Республикасының ТЖ жөніндегі орталық атқарушы органы және құрылымдық территориялық органдары;

Орталық және жергілікті атқарушы органдардағы АҚ бөлімі (қызметкерлері);

Ұйымдарда – АҚ штабтары немесе АҚ бастығына тікелей бағынатын АҚ және ТЖ жөніндегі мамандар.

ТЖ жөніндегі басқармалардың (бөлімдердің) лауазымы жағынан сәйкес АҚ басшыларының орынбасарлары болып табылады АҚ негізгі міндеттері:

басқару, құлақтандыру және байланыс жүйесін ұйымдастыру, жетілдіру және үнемі даярлықта ұстау.

АҚ күштерін құру, оларды ТЖ әрекет жасау үшін үнемі дарялықта ұстау.

Орталық және жергілікті атқарушы органдардың, ұйымдардың қызметкерлерін даярлау және халықты үйрету.

Радиациялық, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) жағдайға лабораториялық бақылау жасау.

АҚ әскери құрылымдарының мобилизациялық даярлығын қамтамасыз ету.

Салалар мен шаруашылық объектілерінің қызметінің тұрақтылығын көтеруге қатысты шаралар кешенін жүргізу.

Қажетті қорғаныс ғимараттарының, жеке қорғаныс құралдарының тұрған қауіп пен жасайтын әрекеттері жөнінде құлағдар ету.

Іздестіру-құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды жүргізу, зардап шепкен халыққа қалыпты жағдай жасау және оны қауіпті зонадан көшіру.

Азық-түлікті, су көздерін, тағам шикізатын, мал азығын, жануарлар мен өсімдіктерді радиоактивті, химиялық, бактериологиялық (биологиялық) зақымданудан, індет пен эпидиттерден қорғау.

1. Азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдерінің негізгі міндеттері:

1) бейбіт уақытта:

Қазақстан Республикасының аумағында төтенше жағдайларды жою;

жауынгерлік, жұмылдыру және саяси дайындықты ұйымдастыру;

төтенше жағдайлар аймақтарындағы халықтың тіршілігін қамтамасыз ету жөніндегі жұмыстарды орындау;

төтенше жағдайлардың алдын алуға бағытталған іс-шараларға қатысу;

уәкілетті органның қарауындағы басқару пункттерін күзетуді және оларға қызмет көрсетуді қамтамасыз ету;

төтенше жағдайлар аймақтарына, оның ішінде шет мемлекеттерге де жеткізілетін жүктерді тасымалдау, алып жүру және күзету;

жұмылдыра өрістетуге дайындық және жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне келтіру жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыру;

оқу объектілерін, полигондарды әзірлікте ұстап тұру;

уәкілетті органның жедел резервін ұстау

2) соғыс уақытында:

- қорғаныс шептері мен позицияларын құру;

- зақымдау ошақтары мен зарарлану аймақтарында радиациялық, химиялық барлау жүргізу;
- зақымдау ошақтарында, зарарлану және апатты су басқан аймақтарда авариялық-құтқару жұмыстары мен кезек күттірмейтін жұмыстарды жүргізу;
- әуеайлақтарды, жолдарды, өткелдерді және тыл инфрақұрылымының басқа да маңызды бөліктерін қалпына келтіру, қайта тиеу пункттерін жабдықтау; эвакуациялық іс-шаралар жүргізуге қатысу;
- аумақтық қорғаныстың жекелеген міндеттерін орындау;

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының қорғанысты ұйымдастыру мәселелері жөніндегі нұсқауларын орындау болып табылады.

АҚ шараларын жүзеге асыру орталық, жергілікті өкілетті және атқарушы органдармен, Қазақстан Республикасының жергілікті өзін-өзі басқару органдарымен, басқару органдарымен және АҚ күштерімен, Қазақстан Республикасының азаматтарымен (жүзеге) іске асырылады.

АҚ-ты даярлау және жүргізу шараларының ретін, көлемі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды.

АҚ шараларын кешенді әрі саралап жүргізу мақсатында қалалар белгілі бір топқа, ал ұйымдар Қазақстан Республикасының үкіметі белгілеген ретпен АҚ бойынша топтарға жатқызылады.

АҚ шараларын ұйымдастыру мен жүзеге асыру жауапкершілігі Қазақстан Республикасы орталық, жергілікті атқарушы органдар басшыларына, барлық меншік түріндегі ұйым басшыларына жүктеледі.

Орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар жыл сайын Қазақстан Республикасы Үкіметі бекіткен ретпен АҚ шараларының атқарылғандығы жөнінде есеп береді.

2. Қазақстан Республикасы АҚ пен ТЖ қызметтері мен күштері.

Азаматтық қорғау күштері – азаматтық қорғаныстың әскери бөлімдері, авариялық-құтқару қызметтері мен құралымдары, мемлекеттік және мемлекеттік емес өртке қарсы қызмет бөлімшелері, азаматтық қорғау құралымдары, азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті органның авиациясы, жағдайды байқау, бақылау және болжау қызметтері;

Азаматтық қорғау қызметі – азаматтық қорғаудың арнайы іс-шараларын орындауға арналған азаматтық қорғаудың басқару органдары мен күштерінің республикалық, облыстық, қалалық, аудандық жүйелері.

Азаматтық қорғау органдары – азаматтық қорғау саласындағы уәкілетті орган, оның ведомствосы, аумақтық бөлімшелері және оның ведомствосына ведомстволық бағынысты мемлекеттік мекемелер.

АҚ күштері бейбіт уақытта ТЖ алдын алу мен жоюдың Мемлекеттік жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады, ТЖ жөніндегі ережені Қазақстан Республикасы үкіметі бекітеді.

Құтқару жұмыстарын жүргізу барысында Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімімен Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігінің бөлімдері мен бөлімшелері, ведомстволық арнайы апаттан құтқару, апатты қалпына келтіру, әскери және басқа да құрылымдар бөліне алады, олар өз

жұмыстарын құтқару жұмыстарының жетекшісінің жалпы басшылығымен атқарады.

Бөлінген күштер арнайы әзірліктен өтеді, техникамен, құрал-жабдықпен жабдықталып, іздестіру-құтқару жұмыстарын жедел қолға алуға даяр тұрады.

АҚ күштерін пайдалану ретін сәйкес деңгейдегі АҚ басшылары шешеді.

Қазақстан Республикасының АҚ әскери бөлімшелері бейбіт және соғыс уақытында халықты, шаруашылық объектілері мен республика территориясын ТЖ қауіпі төнгенде және туындағанда қорғауға арналған.

Қазақстан Республикасының ТЖ комитеті құрамында АҚ әскери бөлімшелерін құруды Қазақстан Республикасының Үкіметі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі АҚ әскери бөлімшелерін жарактандыру, жабдықтау және пайдалануға әзірлікте ұстау бойынша шараларды қабылдайды.

АҚ құрылымдары бейбіт және соғыс уақытында ТЖ қауіпі төнгенде және туындағанда апаттан құтқару және басқа да шұғыл жұмыстарды (АҚ ж БШЖ) жүргізуге арналады.

Қазақстан Республикасының жер сілкіну ықтималдығы мол аймақтары үшін АҚ құрылымдары 10 адамға шаққанда 1 құтқарушыдан кем болмайтындай етіп құрылады; сел басу, өртену және басқа да қауіптер ықтималдығы басым өнеркәсіптік аумақтар үшін 15-20 адамға шаққанда 1 құтқарушыдан келуі тиіс.

Зақымдау ошақтарындағы байланыс желілері мен ғимараттарындағы апаттың салдарын жою инженерлік құрылымға және байланыс қызметі құрылымдарына жүктелген.

АҚ құрылымдары құрылатын ұйым басшыларына оның кәсіби даярлығы, қазіргі техникамен, қару-жарақтармен және басқа да материалдық жабдықтармен жабдықталуы, әрі оларды әрдайым әзірлікте ұстауы үшін дербес жауапкершілік жүктеледі.

АҚ құрылымдарының негізгі түрлері:

құтқару құрылымдары барлау жүргізуге, зардап мекендерді үйінділерден іздестіруге, алып шығуға, оларға алғашқы медициналық көмек көрсетуге арналады және құтқарушы отрядтардан (командалардан), құтқарушы командалардан (топтардан), адамдарды іздестіру командаларынан (топтарынан), барлау жасау топтарынан және т.б. құралады;

инженерлік құрылымдар инженерлік барлау жүргізуге, үйінділерге жол салуға, жолдар мен көпірлерді, оның ішінде өткелдерді қалпына келтіруге, жарылыс жұмыстарын жүргізуге, үйінді астындағы ғимараттарды ашып алуға және бұзылып—қирау орын алған аудандағы басқа да жұмыстарды жүргізуге арналады және инженерлік командадан, жол-көпір командаларынан (топтарынан), жарылыс жүргізуші топтардан, инженерлік барлау жасау топтарынан және басқаларынан құралады.

Инженерлік құрылымдар шешетін міндеттеріне орай жұмыстың жедел атқарылуын қамтамасыз ететін техникамен және құрал-жарақтармен жабдықталуы тиіс.

АҚ қызметінің құрылымдары халыққа қалыпты тіршілік жағдайын жасауға, апаттан құтқару және басқа да шұғыл көліктік, энергетикалық, азық-түлікпен

және бұйыммен қамтамасыз ету, техникалық, материалдық-техникалық жабдықтау және т.б.

Байланыс қызметі байланыс басқармасының (бөлімінің) базасында құрылады. Бұл қызмет бастығы байланыс басқармасының бастығы болып табылады.

Байланыс қызметі халықты және лауазымды тұлғаларды жаудың шабуыл жасағандығынан, жердің радиоактивті зарлану қауіпінен, жаудың биологиялық және химиялық қаруды пайдаланғандығынан құлақтандырады. Бұл қызмет АҚ бастығының аудандардың, АҚ басшыларымен шаруашылық объектілері мен қызмет бастықтарымен сенімді байланыс жасауын қамтамасыз етеді. Зақымдану ошақтарындағы байланыс желілері мен ғимараттарындағы апаттың салдарын жою осы қызметтің мойнына жүктеледі.

Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі қалалық полиция басқармасының (бөлімінің) негізінде құрылады қызмет бастығы полиция басқармасының бастығы болып табылады.

Бұл қызмет қоғамдық тәртіптің сақталуына бақылау жасап, барлық пәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің, халықтың оны сақтауын қадағалайды: құрылымдардың маршруттары мен халықты көшіру жолдарындағы қозғалысты реттейді; мемлекеттік меншік пен азаматтардың жеке мүлкінің күзетілуін жүзеге асырады; зақымдану (зарарлану) ошақтарына шеп құрады.

Өртке қарсы қызмет ТЖД қалалық өртті қорғау басқармасының базасында құрылады. Ол өртке қарсы профилактикалық шаралардың өткізілуін ұйымдастырып, олардың орындалуын қадағалайды, өртке қарсы құрылымдардың даярлығын, олардың үйрету мен өртке қарсы техникамен жабдықталуын жүзеге асырады.. Өрт болған жағдайда бұл қызмет оған барлау жасап, оны жергіліктендіріп, өшіріп, жан жақтан ғимараттардан адамдарды құтқарады.

Медициналық қызмет қаланың денсаулық сақтау бөлімінің базасында құрылады, оның бастығы осы қызметтің бастығы болып табылады. Бейбіт уақытта медициналық қызмет емдеу-эвакуациялық, эпидемияға қарсы шаралар кешенін жасап, қызметтердің құрылуын ұйымдастырады, қызмет құрылымы мен жеке құрамын арнайы даярлықтан өткізеді; соғыс уақытында ғимараттарды медициналық мекеме ретінде жабдықтайды, медициналық-санитарлық мүлікті жинақтайды.

Соғыс уақытында медициналық қызметке зардап шегушілерге дер кезінде медициналық көмек көрсету, оларды медициналық пункттерде қабылдау, оларға санитарлық жәрдем беру, қауіпсіз зонаға көшіріп, емдеу жауапкершілігі жүктеледі.

Инженерлік қызмет қалалық құрылыс ұйымдарының базасында құрылады. Ол құлама үйінділерге жол салып, құрылысы нашар ғимараттарды бұзып, адамдарды үйінділердің, бұзылған ғимараттардың, құлаған паналардан шығарады. Бұл қызмет АҚ инженерлік құрылымдарын ұйымдастырып, даярлап, оны басқарады. Шабуыл жасау қауіпі төнген жағдайда бұл қызмет халық үшін паналар салуды басқарады.

Коммуналдық-техникалық қызмет коммуналдық шаруашылық басқармасының (бөлімінің) базасында құрылып, зақымдану ошақтарындағы коммуналдық шаруашылық желілері мен имараттарындағы апаттарды жергіліктендіріп, жояды.

Радиоактивті, биологиялық және химиялық улану орын алған жағдайда бұл қызмет территорияны, ғимраттарды, жабдықтарды, киім мен аяқ киімді зарарсыздандырып, адамдарға санитарлық жәрдем береді.

Қалалық коммуналдық-техникалық қызметі коммуналдық пәсіпорындарды (мойынша, душ, павильон, механикаландырылған кір жуу орындарын) адамдарға санитарлық тазалық жүргізу және олардың киімдерін, аяқ киімдерін, дербес қорғаныс құралдарын зарарсыздандыру жұмыстарына әзірлейді. Сондай-ақ бұл қызмет қаладағы коммуналдық техниканы аумақтарды зарарсыздандыруға даярлайды.

Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметі ауылшаруашылық және ветеринарлық басқармалар тәжірибелік станциялар, көгалдандыру күштері және т.б. мекемелер базасында құрылады.

Жануарлар мен өсімдіктерді қорғау қызметіне жүктеледі: жануарларды, өсімдіктерді, су көздерін, азық-түлікті, мал азығын зарарланудан қорғау шараларын жүргізу үшін құрылымдарды ұйымдастырып, даярлау, зардап шеккен жануарларға ветеринарлық көмек көрсету; жануарлар өсіретін фермаларды, олардың жем-суын зарарсыздандыру; ет-сүт өнімдерінің сапасын бақылап, оларды тағамға пайдалану мүмкіндігін анықтау; емделмейтін, еті тағамға пайдалануға жарамайтын жануарларды өлтіріп, пәдеге жарату; биопрепараттар мен ветеринарлық мүлік қорын жасау; ауыл шаруашылық өсімдіктерінің эпидемиясына қарсы шараларды ұйымдастыру.

Көлік қызметті көлік басқармаларының (бөлімдерінің) немесе қаланың көлікке қатысты басқа да ұйымдары мен мекемелерінің базасында құрылады. Бұл қызмет жұмыскерлер мен қызметкерлерді эвакуация қала сыртына шығаруды қамтамасыз етеді.

Жау жаппай зақымдау қаруын пайдаланған жағдайда көлік қызметі зақымдану ошағындағы құрылымдардың жеке құрамын тасымалдауды, зардап шеккендерді медициналық мекемелерге жеткізуді ұйымдастырады, азық-түлік, аса қажетті заттарды және құтқару мен апатты қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуге қажетті басқа да материалдық қажеттіліктерді тасымалдайды.

Сондай-ақ көлік қызметті көліктің техникалық жай-күйіне бақылау жасап, оның дұрыс тасымалдауы мен қызмет көрсетуін қадағалайды. Көліктер радиоактивті, улаушы, биологиялық заттармен зарарланған жағдайда бұл қызмет оларды көлікті зарарсыздандыру станцияларында зарарсыздандырады.

Энергетика қызметі энергетикалық шаруашылық басқарамасының (бөлімінің) базасында құрылып, жау шапқыншылық жасаған жағдайда өнерпәсіптік кәсіпорындар мен көлікті үздіксіз энергиямен қамтамасыз етуге алдын-ала даярлануға арналады.

Жау шапқыншылығының салдарын жою барысында энергетика қызметі электр желілерінің апатын жойып, оларды қалпына келтіреді.

Азық-түлікпен және бұйым мен қатамасыз ету қызметі сауда және қоғамдық тамақтандыру басқармасының (бөлімінің) базасында құрылып, азық-түлік өнімдері, тағамның қорларын және өнерпәсіптік тауарларды сақтайды, зақымданған және эвакуацияланған халықты азық-түлік өнімдерімен және аса қажетті заттармен қатамасыз етеді, зақымдану ошағындағы құрылымдардың жеке құрамы мен халықтың тамақтануын ұйымдастырады; азық-түлік өнімдері мен аса қажетті заттарды іріктеп, оларды медициналық қызметтің химиялық зертханаларына; азық-түлік өнімдері мен аса қажетті заттарды зарарсыздандыру жұмыстарын жүргізеді; зарарсыздандыруға келмейтін азық-түлік пен өнеркәсіп тауарларын жояды немесе қайта өңдейді. Бұл қызмет қала сыртындағы зоналарда жылжымалы тамақтандыру және бұйыммен қатамасыз ету пункттерін ұйымдастырады.

Техникалық қызмет жөндеу мекемелерінің базасында құрылып, АҚ құрылымдарындағы машиналарды, механизмдерді, приборлар мен басқа да техникалық құралдарды дұрыс пайдалануды, жөндеуді, эвакуацияларды, техникалық қызмет көрсетуді ұйымдастырып, жүзеге асырады.

Материалдық-техникалық жабдықтау қызметі қаланың жоспарлаушы және жабдықтаушы ұйымдарының базасында зақымдану ошағында жұмыс істейтін АҚ құрылымдары үшін құрылып, құрылыс материалдарының барлық түрлерімен, газсыздандыру және жуу құралдарымен, жабдықтар мен машиналардың қосалқы бөлшектерімен, жанар-жағар материалдарымен, техникалық және ауызсумен жұмыс жасайды. Бұл қызмет қала сыртындағы зоналарда қоймалар мен базалар ашып, су тасымалдауды, жылжымалы жанармай құю станцияларын ұйымдастырады.

ҚР АҚ ҚТСҚ (қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі) негізгі күштері бөленеді:

- АҚ объектілерін қоғамдық тәртіп сақтау әскерилендірілмеген құрылым (командалар, топтар).

- қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті, ұлтық қауіпсіздік органы.

Қазақстан Республикасы АҚ ҚТС қызметі полиция базасында қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын жүзеге асыру үшін құрылады. Ол жол қозғалысының қауіпсіздігін, соғыс уақытында және тиізі қияпаттар, ірі өндірістік апаттар мен алапаттар салдарын жою кезінде халық санын есепке алуды қатамасыз етеді.

Аталған қызметтерден басқа, қажет болған жағдайда басқа да қызметтер құрыла алады. Қызмет күштері мен құралдарын басқаруды қатамасыз ету үшін қызмет бастықтарының жанынан сол мекеменің жұмыскерлерінен құралатын штабтар құрылады.

3. Қазақстан Республикасы ІІМ жүйесіндегі АҚ ұйымдастырылуы.

ІІБ-де азаматтық қорғаныс елдің АҚ міндеттері мен принциптеріне орай ұйымдастырылып, ІІМ қызметінің ерекшелігіне сәйкес азаматтық қорғаныс қызметтері мен объектілерінің құрамында жұмыс істейді. Ол бейбіт уақытта ІІБ қызметкерлерін, бөлімдерін, мекемелерін, кәсіпорындарды, ұйымдарды, Қазақстан Республикасы ІІМ жоғары және орта оқу орындарының курсанттары мен тыңдаушыларын, қызметкерлердің отбасы мүшелерін ЖЗҚ жаппай зақымдану қарулардан қорғау, теңіз қияпаттар, ірі өнерпәсіптің апаттар мен алапаттар салдарын жою мақсаттарында,

объектілердің жұмысының тұрақтылығын арттыру, олардың ұрысқа қабілеттілігін қалпына келтіру және ішкі істер органдары мен мекемелерінің қалыпты жұмыс істеу жағдайларын тудыру үшін жүзеге асырылатын шаралар кешенін қамтиды.

Қазақстан Республикасы АҚ пен ПМ міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарының, азаматтық қорғанысқа қатысты нормативтік актілерінің талаптарына сай шешіледі. ПМ, ПБ және олардың объектілерінің АҚ міндеттерінің орындалуын қамтамасыз ететін шаралар сипаты, көлемі мен өткізілу мерзімі Қазақстан Республикасының ТЖ Министрлігінің, Қазақстан Республикасы ПМ бұйрықтарымен және жарлықтарымен, Қазақстан Республикасының ПМ азаматтық қорғаныс туралы ережесімен анықталады. Мұндайда ПМ, ПБ жұмыс істейтін аймақтар ерекшелігі, осы аймақтағы қалалар мен объектілердің категориялығы, ПБ сәйкес құрылымына жүктелген міндеттер ерекшелігі ескеріледі.

Нормативтік құжаттарға сәйкес Қазақстан Республикасы АҚ, ПМ-не мынадай негізгі міндеттерді атқару жүктеледі:

Соғыс кезінде және бейбіт уақытта Қазақстан Республикасы ПМ объектілерінің жұмысының тұрақтылығын арттыру;

Қазақстан Республикасы ПМ барлық құрылымын Қазақстан Республикасына даярлық деңгейін енгізумен байланысты және бейбіт кезеңдегі жұғыл жағдайларда сенімді үздіксіз басқаруды қамтамасыз ету.

Қазақстан Республикасының АҚ мен ПМ-не негізгі міндеттерден өзге мынадай ерекше міндеттерді де атқару жүктеледі:

Мүдделі органдармен бірлесе отырып терроршылармен күресу шараларын әзірлеп, жүзеге асыру;

Қағамдық тәртіпті сақтау, бейбіт кезеңде қауіпсіздікті қамтамасыз ету, халық санына есеп жүргізу шараларын әзірлеп, жүргізу;

ҚТС қызметтерін құрып, оның жұмысын басқару.

Қазақстан Республикасы ПМ жүйесінде АҚ алдына қойылған міндеттерді орындау Қазақстан Республикасы ПМ орталық аппаратының бөлімшелеріне, облыстық ПБ, П қалалық, аудандық органдарына, жоғары және орта арнайы мекемелерге, даярлау орталықтарына, госпитальдарға, ауруханаларға, санаторийлерге, демалыс үйлеріне, базаларына, қоймаларына және Қазақстан Республикасы ПМ басқа да ұйымдарына, кәсіпорындары мен мекемелеріне жүктеледі.

Қалалық, аудандық және желілік органдардан өзге Қазақстан Республикасы ПМ барлық аталған органдары мен мекемелері Қазақстан Республикасы ПМ АҚ объектілері болып табылады.

Қазақстан Республикасы ПМ объектілерін азаматтық қорғаныс бойынша **категориялау** Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігі және ТЖК келісімі мен жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы ПМ АҚ міндеттері жергілікті АҚ штабтарымен, әскери басқару органдарымен, басқа да министрліктермен және ведомстволармен, сондай-ақ АҚ қызметтерімен тығыз әрекет-тестікте шешіледі.

II органдары мен мекемелерінің АҚ міндеттерін табысты орындауына жалпы алғанда ІІМ, ІІБ-ң АҚ-да қатысты оперативті-қызметтік жұмысы мен міндеттерін терең де жан-жақты білуі; жау шапқыншылығына немесе тілсіз қияпатқа ғылыми негізделген болжам жасау, қойылған мақсаттарға қол жеткізу тәсілдері мен соған қажетті күш пен қарауға ғылыми негізделген шешімдер; АҚ шараларын нақты, егжей-текжейлі жоспарлау; жасалған жоспарларға қажетті өзгертулерді дер кезінде енгізу; түрлі жағдайларда ішкі істер органдары мен мекемелерінің қызметін біліктілікпен басқару; ІІБ басқарушы құрамымен белсенді саяси жұмыстар жүргізу, жоғары деңгейде даярлау, барлық қызметкерлердің қазіргі азаматтық қорғаныстың мән-маңызын, ІІБ оның жалпы жүйесіндегі ролін тереңінен түсінуі; жеке құрамды және АҚ шараларын материалдық-техникалық тұрғыдан толық әрі дер кезінде қамтамасыз ету арқылы қолдары жетеді.

Қазақстан Республикасының АҚ жөніндегі ережелеріне сәйкес Қазақстан Республикасы ІІМ қоғамдық тәртіпті сақтау қызметі полициясының базасында АҚ (ҚТСК АҚ) құрады, ол қоғамдық тәртіпті сақтау шараларын жүзеге асырады, халықтың санына соғыс уақытында есеп жүргізеді, террористерге қарсы күреспе ат салысады, тілсіз қияпаттар, ірі өндірістік апаттар мен апаттар салдарын жою міндеттерін орындайды.

ҚТС қызметінің құрамдас бөлігі қоғамдық қауіпсіздік пен жедел қызмет басқармасының, оған қатысты органдардың базасында құрылған қызметтер болып табылады.

ҚТС(қоғамдық тәртіпті сақтау) қызметіне мынадай міндеттер жүктеледі:

А) бейбіт кезеңде:

Қоғамдық тәртіпті сақтау қызметінің жоспарларын әзірлеп, қажеттілігіне орай дер кезінде түзетулер енгізіп отыру;

Жеке құрам мен оның отбасы мүшелерін ЖЗҚ-дан, тілсіз апаттар, ірі өндірістің апаттар салдарынан қорғау;

Басқару пункттеріндегі, байланыс және хабарландыру жүйелеріндегі жұмыс орындарын әзірлікте ұстау, қоршаған ортанық жай-күйіне (радиациялық және химиялық бақылау жасау);

ІІБ қызметін тапсырмалары мен автокөліктерінің инженерлік-техникалық шараларын жүргізу;

Қызмет ерекшелігіне орай қызметтің жеке құрамын көлікпен дер кезінде әрі толық қамтамасыз ету;

Міндеттер орындалуы тиіс объектілер мен бағыттарда теориялық сабақтар, арнайы жаттығулар өткізу; қызмет құрамындағы жеке құраммен саяси жұмыстар жүргізу;

Соғыс уақытында және тілсіз қияпаттар, ірі өндірістік апаттар мен алапаттар кезінде бағынышты органдардың АҚ міндеттерін орындауға даярлығына бақылау жасау;

Тілсіз қияпаттар, ірі өндірістік апаттар мен алапаттар, өрттер салдарын жою барысында зақымдану ошақтарында қоғамдық тәртіптің сақталуын қамтамасыз ету;

ҚТС АҚ объектілік құрылымдарын үйретуде көмек беру;

АҚ аумақтық штабтарымен, қызметтерімен, министрліктер мен ведомстволардың АҚ штабтарымен, көлік, өнерпәсіп объектілері органдарымен, Қазақстан Республикасындағы ӘҚ бөлімшелерімен әрекетестің ұйымдастырып, сақтау;

Жол қозғалысының қауіпсіздігі мен маңызды автокөлік объектілерін күзетуді қамтамасыз ету, көлік пәсіпорындарының әкімшілігіне жәрдем беру;

Қала сыртындағы зоналарда ҚТС қызметінің күштері мен құралдарын тобын ұйымдастыру.

Зақымдану (зарарлану) ошақтарында құтқару және шұғыл апатты қалпына келтіру жұмыстарын жүргізгенде:

ҚТС қызметінің алдында тұрған міндеттерге орай барлау ұйымдастырып, жүргізу;

АҚ құрылымдарын зақымдану ошақтарына апарып, құтқару жұмыстарын жүргізгенде, зардап шегушілерді барлық көлік түрлерімен тасымалдағанда сапарлармен мен көлік объектілерінде қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету;

Зақымдану ошақтарында ҚЖБКЖ(құтқару және басқада кейінге қалдырылмайтын жұмыстарды) жүргізу барысында АҚ құрылымдарына көмек беру;

өнерпәсіп объектілерінде, жолаушылар мен көлік қызметкерлеріне қызмет көрсету зоналарында (аудандарында) халық санының, жұмыс күшінің есебін жүргізу;

сақталып қалған материалдық құндылықтарды, базалар мен қоймаларды, тамақтандыру пунктерін, медициналық мекемелерді және басқа да халық шаруашылығындағы маңызды объектілерді, көлік пен энергетика объектілерін күзетуді қамтамасыз ету.

Соғыс кезінде, тілсіз қияпаттар мен ірі өндірістің апаттар мен алапаттарды жою барысында ҚТСК АҚ күштері мен құралдары кез келген, күрделі, күтпеген жағдайларға жоғары әзірлікпен даяр тұруы тиіс.

ҚТСК АҚ күштері, құралдары даярланады:

ҚТСК АҚ шараларын жоспарлап, оны дер уақытында түзетудің;

Басқару органдарын құрудың, басқару, хабарлау және байланыс жүйесін әзірлікте ұстаудың;

Қызметтің жеке құрамын қазіргі зақымдану құралдарынан қорғану тәсілдеріне, сондай-ақ АҚ енгізілген жағдайда жеке құрамның міндеттерін табысты орындау әдістері мен түрлеріне үйретудің;

Жеке құрамды ЖЗҚ(жаппай зақымдану қарулардан) қорғану және басқа да құралдармен қамтамасыз етудің;

ҚТСК АҚ арнайы нарядтарын халық санының есебін жүргізу, радиациялық және химиялық бақылау, барлау жүргізу міндеттерін атқаруға дайындаудың;

ҚТСК АҚ бағынышты қызметтердің соғыс уақытында өз міндеттерін орындауға әзірлігіне тұрақты бақылау жасаудың арқасында.

Тілсіз апаттардың, өндірістің апаттар мен алапаттардың салдарын жоюда қоғамдық тәртіп пен жол қауіпсіздігін сақтауға қол жеткізіледі:

ҚТСК АҚ қызметін басқарушы құрамның жағдайды (болуы мүмкін тілсіз қияпаттарды) барлап, оларды жою барысында жеке құрамның қоғамдық тәртіпті сақтауға әзірлігінің арқасында;

Жеке құрамның нақты жағдайларда әрекет жасауға моральдық, саяси-психологиялық әзірлігінің арқасында;

Жеке құрамды ҚТС қызметінің тәсілдеріне үнемі үйретіп отырудың;

ҚТС қызметінің АҚ қызметін жан-жақты қамтамасыз етудің арқасында;

Зақымдану (зарарлану) ошағын дер кезінде қоршауға алудың;

АҚ құрылымдарының зақымдану (зарарлану) ошағына және халық пен материалдық құндылықтарды көшіру сапарларына қозғалысын қамтамасыз етудің;

Дүрбелеңнің, жалған қаулеттің, жаппай берекетсіздіктің көтерілуіне жол бермеудің;

Тілсіз қияпат салдарын жоюда халық сақтауы тиіс мінез-құлық ережелерін түсіндірудің т.б. арқасында.

Аталған міндеттер мен функцияларды орындау үшін қажетті күштер бөлінеді ҚТСК күштерінің бағыныштылығы мен пайдаланылу ретіне орай Қазақстан Республикасының АҚ негізгі және қосалқы болып бөлінеді:

негізгі күштер - бұл полицияның жеке құрамы ІІБ туралы заңда олар АҚ шараларын жүргізу барысында қоғамдық тәртіпті сақтауды, қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз етеді делінген.

Ұйымдасуы жағынан бұл күштер бөлінеді;

саптық бөлімдер мен полицияның ПБК(патрулдік бекеттік қызметі) бөлімшелері, жол полициясының саптық бөлімшелері;

арнайы моторландырылған полиция бөлімдері;

соғыс кезінде құрылатын тәртіп пен қауіпсіздікті сақтау бөлімдері;

көлікті қалалық, аудандық ІІ органдарының жеке құрамы.

Қызметтің қосалқы күштеріне - АҚ объектілерінің әскерилендірілмеген қоғамдық тәртіпті сақтау құрылымдары (командалар, топтар) жатады. Бұл күштер АҚ жоспарлары бойынша сәйкес кәсіпорындардың, мекемелердің ұйымдардың, министрліктердің, ведомстволардың АҚ шараларын өткізуде қоғамдық тәртіпті сақтауға арналған. Әскери басшылықтың шешімімен ҚТС АҚ нақты қызметтеріне Қазақстан Республикасының ІІМ бөлімдері мен бөлімшелері бөліне алады.

ҚТСК АҚ бастығы болып Қазақстан Республикасының ішкі істер Министрі тағайындалады.

Қазақстан Республикасы АҚ ҚТСК негізгі күштері бөлінеді:

АҚ объектілерін қоғамдық тәртіп сақтау әскерилендірілмеген құрылым (командалар, топтар) және қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті, ұлтық қауіпсіздік органы.

Қазақстан Республикасында төтенше жағдай Қазақстан Республикасының Президентінің жарлығымен енгізіледі. Қазақстан Республикасының барлық аумағында 30 тәулікке дейін төтенше жағдай енгізіледі. Қазақстан Республикасының белгілі аумағында 60 тәулікке дейін төтенше жағдай енгізіледі.

Облыстық, қалалық, аудандық ҚТС АҚ қызметінің басшылары болып табылады:

облыстық, ірі қалалық ҚТС АҚ қызметінде – облыстық ІБ бастығы және орынбасары, олар ІБ қоғамдық тәртіпті сақтау басқармасының (бөлімінің) жұмысын қадағалайды;

ІІ қалалық, аудандық органдарының базасында құрылып, жұмыс жасайтын ҚТС АҚ қызметінде – осы орган басшысы. Демек, аудандық ҚТС АҚ қызметінің бастығы АІБ бастығы болып табылады.

Азаматтық қорғаныс жағдайында ҚТСК АҚ бастығы оның АҚ басқа аталған қызмет топтарының әрқайсысының бастығы АҚ жағдайында міндеттерін орындауға әрдайым әзірлігі үшін жауап береді.

Оған жүктеледі:

Соғыс жағдайында және осы қызметтерін орындау кезінде, тілсіз қияпаттардың, ірі өндірістік апаттар мен алапаттардың салдарын жою барысында қызмет жұмысын басқару;

Белгіленген ретпен қызмет жоспарын бекітуге ұсыну;

ҚТС АҚ бағынышты қызметтерінің өз алдарындағы міндеттерін орындауға әзірлігін қадағалау;

Қызметтің жеке құрамын ЖЗҚ(жаппай зақымдану қарулардан) және жаудың басқа да шабуылдау құралдарынан қорғану тәсілдері мен қызметке жүктелген міндеттерді орындау әрекеттеріне үйретуді ұйымдастыру;

Қызметтің жеке құрамының АҚ қорғану ғимараттарын паналауын ұйымдастыру және жеке химиядан қорғану құралдарын, радиациядан, химиядан қорғану приборларын, радиациялық, химиялық барлау приборларын және дозиметрлік бақылау приборларын нормаға сәйкес жинақтауды қадағалау, қызметтерімен, АҚ әскерилендірілмеген құрылымдарымен, Қазақстан Республикасы ҰҚК-мен әскери басқармалармен, әскери бөлімдермен әрекеттеуін қамтамасыз етеді.

ҚТСК АҚ штабының бастығы қызмет бастығына жүктелген міндеттердің жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қызмет штабының жұмысының дұрыс ұйымдастырылып, тиімді болуына жауап береді.

Штаб құрылымы оның міндеттері мен функциялары арқылы айқындалады, яғни ҚТС АҚ қызметінің басқарылуын қамтамасыз етуді ұйымдастыру жұмысының мәнділігімен айқындалады. ҚТС АҚ қызметінің штабының басты бөлімшесі оперативті бөлім болып табылады, оның бастығы бір мезетте қызмет штабы бастығының орынбасары болып табылады.

Барлау мен болжам бөлімі ҚТСК АҚ мүддесіне орай барлау ұйымдастырып, қызмет күштері орналасып, әрекет жасайтын жерлерде болжам жасайды.

Байланыс тобы бағынышты қызметтермен және әрекеттесуші күштермен тұрақты байланыс ұйымдастырып, сақтауға міндетті.

Жасырын басқару тобы мемлекеттік, әскери және қызметтік құпияны сақтау шараларын жасап, құпиялылық режимінің сақталуын қадағалауы тиіс.

Медициналық қызметкерлер тобы ҚТСК АҚ жеке құрамына медициналық қызмет көрсету мәселелерін үйлестіруі тиіс.

ҚТСК АҚ штабының барлық қызметкерлері өз міндеттерін жетіп біліп, үнемі қалыптасқан оперативтік жағдайдан хабардар болып, әскери құжаттарды жылдам әзірлей алуы, қажетті есептеулер жасай білуі, көз келген сәтте бір-бірін алмастыруға әзір болуы және қызмет бастығы мен штаб бастығының кез келген тапсырмасын орындауға даяр тұруы тиіс.

Жергілікті жердің комендатын Қазақстан Республикасының Президенті тағайындайды.

Комендант сағаты бұл жүруге тиым салынатын тәулік мезгілі немесе жүруге тиым салынатын 24 сағат. Төтенше бюджеттің қабылдануы Қазақстан Республикасы Парламентіне хабарланады.

ТЖ режимін қамтамасыз ету жөніндегі мемлекеттік комиссия мен жергілікті жердің комендатурасы туралы ережелерін Қазақстан Республикасының Президенті бекітеді.

ТЖ енгізілетін жерлердің шекараларының аумағы Қазақстан Республикасының бір немесе бірнеше әкімшілік аумақтың бірліктерінің аумағы немесе Қазақстан Республикасының бірнеше әкімшілік аумақтың бірліктерінің аумағы болып саналады.

Қ О Р Ы Т Ы Н Д Ы

Қазақстан Республикасының АҚ-ың ұйымдастырудың негізгі мақсаттары мен принциптері мен ТЖ қызметтері мен күштерін ұйымдастыру жұмыстары қарастырылды.

АҚ Қазақстан Республикасының бүкүл территориясында территориялық өндірістің принципі бойынша ұйымдастырылады. АҚ шараларын жүзеге асыру орталық, жергілікті өкіметті және атқарушы органдармен басқару органдарымен және АҚ күштерімен, Қазақстан Республикасының азаматтарымен жүзеге асырылады. АҚ-ты даярлау және жүргізу шараларының ретін, көлемі мен мерзімін Қазақстан Республикасының Үкіметі анықтайды. Орталық және жергілікті атқарушы органдар, ұйымдар жыл сайын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекіткен АҚ шараларының атқарылғандағы жөнінде есеп береді.